

«Нұр Алем» жалпы білім беретін мектеп

(білім беру ұйымының атауы)

1-тоқсан География пәні бойынша

Сынып: 10 «Ә»

Оқушылар саны: 7

Мұғалім: Рысбекова К К

Мақсаты:

БЖБ және ТЖБ нәтижелерін тандау

Пән	Оқушы	Жоғары балл	ЖБ баллдарының пайыздық мазмұны			Сапа %	Үлгерім %
			төмен	орта	жоғары		
			0-39%	40-84%	85-100%		
<b>Оқушылар саны</b>							
<b>БЖБ 1</b>	<b>7</b>		<b>1</b>	<b>3</b>	<b>3</b>	<b>85,7</b>	<b>100%</b>
<b>БЖБ 2</b>			<b>1</b>	<b>3</b>	<b>3</b>	<b>85,7</b>	<b>100%</b>
<b>ТЖБ</b>			<b>1</b>	<b>3</b>	<b>3</b>	<b>85,7</b>	<b>100%</b>

Қол жеткізілген мақсаттар		Қиындық тудырған мақсаттар
<b>БЖБ 1</b>	«Географиялық зерттеу әдістері» бөлімі бойынша жиынтық бағалау	10.1.1.1. Зерттеу тақырыбына сәйкес салыстыру әдістерін қолдану
<b>БЖБ 2</b>	Заманауи картографиялық әдістер. Географиялық деректерді визуализациялау.	10.2.1.1 Тақырыпқа сәйкес картографиялық зерттеулер әдістерін қолдану
<b>ТЖБ</b>	Табиғатты пайдалану түрлерінің қоршаған ортаға әсерін бағалау. Табиғатты тиімді пайдаланудың қағидаттары.	Табиғатты пайдалану түрлерінің қоршаған ортаға тигізетін әсерін анықтап, баға беру (жергілікті / аймақтық компоненттің негізінде)

1.БЖБ және ТЖБ нәтижелерін талдау білім алушылардың білім деңгейін көрсетті:

**2.Жоғары( В):85-100%**

**Әбдібақыт Е,Батырхан Д,Бекжанұлы А**

**3.Орта(С):40-84%**

**Жорабек Ж,Қанатұлы Р,Нұрсұлтанұлы Н**

**4.Төмен(Н):0-39%**

**Орынбек Б**

**2.Тапсырмаларды орындау барысында білім алушыларда туындаған қиындықтар тізбесі:**

**3.Тапсырмаларды орындау барысында білім алушыларда туындаған қиындықтардың себептері:**

**4.БЖБ және ТЖБ нәтижелерін талдау қорытындысы бойынша жоспарланған жұмыс (қажет болған жағдайда білім алушылардыңТАӘ көрсетумен)**

**Күні: 26.10**

**Мұғалім: Рысбекова К К**

**1-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫ**  
**«Географиялық зерттеу әдістері» бөлімі бойынша жиынтық бағалау**

<b>Тақырып</b>	Зерттеу әдістерінің түрлері
<b>Оқу мақсаты</b>	10.1.1.1. Зерттеу тақырыбына сәйкес салыстыру әдістерін қолдану 10.1.1.3 Зерттеу тақырыбына сәйкес аудандастыру әдістерін қолданады
<b>Бағалау критерийі</b>	<b>Білім алушы</b> <ul style="list-style-type: none"><li>• Тақырыпты зерттеуде салыстыру әдістерін қолданады</li><li>• Тақырыпты зерттеуде аудандастыру әдістерін қолданады</li></ul>
<b>Ойлау дағдыларының деңгейі</b>	Қолдану Жоғары деңгей дағдылары
<b>Орындау уақыты</b>	20 минут

**Тапсырма**

1. Берілген статистикалық деректермен танысыңыз. a,b,c тапсырмаларын орындаңыз.

Сауаттылық - дамушы елдер үшін білімділіктің ең маңызды көрсеткіші болып табылады. Бұл АДИ-ді есептеу кезінде қолданылатын көрсеткіштердің бірі. Білімділік индексі келесі көрсеткіштер бойынша әлшенеді:

1. елдегі ересек адамдардың сауаттылық индексі;
2. бастауыш, орта және жоғары білім алушылардың жиынтық индексі бойынша.
3. мектептегі білім алу мерзімінің ұзақтығы.
4. мектепке бару жасындағы айырмашылық (дамыған елдерде 5 жас).


a. Атласты қолдана отырып, сауаттылық деңгейі жоғары және төмен мемлекеттерді анықтаңыз

Сауаттылық деңгейі жоғары мемлекеттер      Сауаттылық деңгейі жоғары мемлекеттер

b. Қазақстанның сауаттылық индексі бойынша рейтингісін анықтаңыз. Сауаттылық индексі жоғары және төмен мемлекетпен салыстырыңыз

c. Салыстыру нәтижесі ретінде Қазақстан сауаттылық индексін кәтеруге 3 ұсыныс жазыңыз

2. Қазақстанның физикалық географиялық аудандастыруға қатысты картаға мұқият қараңыз.



- а. Қазақстанда 9 физикалық-географиялық аудан бар. Картада берілген сандарды физ-географиялық аудан атауларымен сәйкестендіріңіз.

Сіздің жауабыңыз	Географиялық нысандар
	Сауыр Тарбағатай
	Шығыс Еуропа жазығы
	Жоңғар (Жетісу) Алатауы
	Тұран жазығы
	Алтай-Саян

- б. Қазақстанның саяси-әкімшілік картасын қолдана отырып, экономикалық-географиялық аудандастырудың тиімділігіне баға беріңіз.




Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Тақырыпты зерттеуде салыстыру әдістерін қолданады	1	сауаттылық деңгейі жоғары мемлекеттерді анықтайды;	1
		сауаттылық деңгейі төмен мемлекеттерді анықтайды;	1
		Қазақстанның сауаттылық индексіндегі рейтингісін анықтайды;	1
		сауаттылық индексі жоғары 1 елмен салыстырады ;	1
		сауаттылық индексін сауаттылық индексі төмен 1 елмен салыстырады;	1
		сауаттылық индексті көтеруге бірінші ұсынысын келтіреді;	1
		сауаттылық индексті көтеруге екінші ұсынысын келтіреді;	1

		сауаттылық индексті көтеруге үшінші ұсынысын келтіреді;	1
Тақырыпты зерттеуде аудандастыру әдістерін қолданады	2	Сауыр Тарбағатайды картадағы санмен сәйкестендіреді;	1
		Шығыс Еуропа жазығы картадағы санмен сәйкестендіреді;	1
		Жоңғар (Жетісу) Алатауы картадағы санмен сәйкестендіреді;	1
		Тұран жазығы картадағы санмен сәйкестендіреді;	1
		Алтай-Саян тауларын картадағы санмен сәйкестендіреді;	1
		экономикалық географиялық аудандастырудың тиімділігіне баға береді.	1
<b>Жалпы балл</b>			<b>14</b>

**«Картография және геоинформатика» бөлімі бойынша жиынтық бағалау  
БЖБ 2**

**Тақырып**

Заманауи картографиялық әдістер. Географиялық деректерді визуализациялау.

 <p>Оқу жоспары</p>	 <p>10.2.1.1 Тақырыпқа сәйкес картографиялық зерттеулер әдістерін қолдану 10.2.2.2 Статистикалық деректерді талдау нәтижелері бойынша картограммалар мен картодиаграммаларды жасау 10.2.2.3 АКТ графикалық редакторларының қолданысымен тақырыптық картасызбаларды жасау</p>
 <p>Бағалау әдістері</p>	 <p>Білім алушы</p>
 <p>Ойлау дағдыларының қолдану деңгейі</p>	 <p>Картографиялық зерттеулер әдістерін қолданады Статистикалық деректерді қолданып, картограммалар мен картодиаграммаларды құрастырады Графикалық редакторды қолдана отырып, картасызба құрастырады</p>
<p>Орындау уақыты</p>	<p>Жоғары деңгей дағдылары 25 минут</p>

## Тапсырма

1. Берілген проекция түрлерін қолдана отырып, тапсырмаларды орындаңыз.

а. Берілген проекцияны түрлерін атап, сипаттама беріңіз.

Проекция атауы

Сипаттамасы


Проекция атауы

Сипаттамасы

Проекция атауы

Сипаттамасы


2. Статистикалық деректерді және шартты белгіні қолдана отырып, 1-картада картодиаграмма сызыңыз.



1-карта

### Шартты белгілер:

Аудандар бойынша ірі қараны мемлекеттік сатып алу көлемі (мың бас)



Аудандар бойынша ірі қараны мемлекеттік сатып алу көлемі (мың бас)

Аудандар	Ірі-қара саны (мың бас)
1-аудан	7

2-аудан	1
3-аудан	3
4-аудан	5

3. Кестедегі ақпаратпен танысыңыз.

2016 жылдағы мұнай қорын өндіруде алдыңғы қатарлы он елдің көрсеткіші

№	Мемлекеттер	Өндіру көлемі (млн/тонна)
1	Сауд Арабиясы	585,7
2	Ресей	554,3
3	АҚШ	543,0
4	Ирак	218,9
5	Канада	218,2
6	ИРАН	216,4
7	ҚХР	199,7
8	БАӘ	182,4
9	Кувейт	152,7
10	Бразилия	136,7

#### «Табиғатты пайдалану және геоэкология» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

**Тақырып**

Табиғатты пайдалану түрлерінің қоршаған ортаға әсерін бағалау. Табиғатты тиімді пайдаланудың қағидаттары.

**Оқу мақсаты**

10.3.1.2 Табиғатты пайдалану түрлерінің қоршаған ортаға тигізетін әсерін анықтап, баға беру (жергілікті / аймақтық компоненттің негізінде)

10.3.1.3 Табиғатты пайдалану түрлерінің қоршаған ортаға тигізетін кері әсерін азайтудың жолдарын ұсыну (жергілікті / аймақтық компоненттің негізінде)

10.3.1.4 Тиімді табиғатты пайдаланудың қағидаттарын анықтау

**Ойлау деңгейі**

**дағдыларының**

Қолдану

Жоғары деңгей дағдылары

**Бағалау критерийі****Білім алушы**


- Табиғатты пайдаланудың қоршаған ортаға тигізетін әсерін анықтап, бағалайды
- Табиғатты пайдалану түрлерінің қоршаған ортаға тигізетін әсерін азайтуға ұсыныстар келтіреді
- Табиғатты пайдаланудың қағидаттарын сипаттайды

**Орындау уақыты**

20 минут

**Тапсырма**

1. Табиғатты пайдалануға қатысты тапсырмаларды орындаңыз



- a. Берілген суретті қолданып, табиғатты тиімсіз пайдаланудың қоршаған ортаға тигізетін әсерін түсіндіріңіз.

- b. Табиғатты тиімсіз пайдаланудың экономикалық және экологиялық салдарына баға беріңіз.

Табиғатты тиімсіз пайдаланудың  
экономикалық салдары

Табиғатты тиімсіз пайдаланудың  
экологиялық салдары

2. Мәтінді қолданып, тапсырмаларды орындаңыз.



Балқаш кен-металлургия комбинаты алғашқы мысты берген уақыттан бері (1938ж) қиындығы мол ауыр кезеңдерге қарамастан айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізіп мол табысқа ие болды. Ол бүгін "Қазақмыс" корпорациясының құрамында.

Бұл комбинат Балқаш әңіріндегі қоршаған ортаның ең үлкен ластаушысы болып есептеледі. Мыс өндіру комплексінің іске қосылу кезінен бастап 1995 жылға

дейін кәлге еш тазартусыз өндірістік ағынды сулар құйылған болатын. Нәтижеде қоршаған орта ауыр металлдармен ластанып, су биосферасы көптеген ауру-науқастарға тап болды. Қала тұрғындардың айғақтауымен, 2004 жылдың жазында комбинат атмосфераға газдың үлкен көлемін шығарып, қаладағы құстардың кілең мерт болуына себепші болған.

а. Балқаш кен-металлургия комбинатының қоршаған ортаға тигізетін әсерін анықтаңыз.

б. Балқаш кен-металлургия комбинатының қоршаған орта мен адамзатқа тигізер әсерін азайтуға бағытталған 3 шешу жолын ұсыныңыз.

3. Тапсырманы орындаңыз.

а. Табиғатты тиімді пайдалануға және қорғауға арналған ұйымдарды анықтамасымен сәйкестендіріңіз.


Табиғатты қорғау ұйымдары	Жауап	Анықтамалары
1. Гринпис («Жасыл әлем») 		а) германиялық жастардың «қышқыл жаңбырларға» қарсы күрес жүргізетін экологиялық қоғамы.
2. «Робин Вуд»		б) бүкіл дүниежүзілік табиғат қорғау ұйымы. Канадада 1970 жылы құрылған. 17 мемлекетте топтары бар, 2,5 млн адам мүше.

		
<p>3. ВФОП (WWF)</p> 		<p>с) бүкіл дүниежүзілік табиғатты қорғау қоры. Дүниежүзілік фауна мен экожүйені сақтау проблемасымен айналысады; халықаралық жастар курсы, лагерьлер мен табиғат қорғау клубтарын және т. б. шараларды ұйымдастырады.</p>

б. «Киото хаттамасының» негізгі қағидатын анықтап, оған сипаттама беріңіз.


**Тапсырма үлгілері және балл қою кестесі**  
**«География» пәнінен 1-тоқсанға арналған жиынтық бағалаудың тапсырмалары**

1. Топографиялық карта және жергілікті жердің планындағы бір ұқсастығын анықтаңыз.



[1]

2. Суретте табиғатты пайдаланудың қандай түрі көрсетілген.



[1]

3. Әсімдік шаруашылығында суды пайдалану мөлшері. (1 м<sup>3</sup> су = 1 тонна)

Әсімдік өсіруге кететін су мөлшерін графикалық (бағаналы диаграмма) түрінде сызыңыз.

- 1 т қара бидайға – 750 м<sup>3</sup> су;
- 1 т жүгеріге – 3400 м<sup>3</sup> су;
- 1 т мақтаға – 5000 м<sup>3</sup> су;
- 1 т шиеге – 3000 м<sup>3</sup> су;
- 1 т күрішке – 10000 м<sup>3</sup> су;
- 1 т жүзімге – 5900 м<sup>3</sup> су;
- 1 т картопқа – 2000 м<sup>3</sup> су;

Шартты белгілер

[2]

4. Дүниежүзі халқы және көмірқышқыл газының атмосфераға тасталуы.

Жыл	Халық саны (млн)	Көмірқышқыл газдың бөлінуі (млн тонна)
1800	990	32
1850	1360	188
1900	1670	1980
1950	2480	5870
2000	6070	23320
2015	7010	25440

a. 1800 мен 2015 жылдар аралығында атмосфераға бөлінген көмірқышқыл газының мөлшерін қанша есеге өскенін сипаттаңыз.

[2]

b. 1800 мен 2015 жылдар аралығында халық санының өсуін сипаттап, қанша адамға өскенін салыстырыңыз.



[1]

5. Қазақстандағы ауыл шаруашылық жерлерінің құрылымы берілген. a. Ауыл шаруашылығы жерлерінің пайыздық көрсеткішін анықтаңыз.

Жайылымдар	Жыртылған жерлер	Шабындықтар	Тың жерлер	
182	24	5	5	216 млн.га
				100%

[2]

b. Сандық мәліметтерді қолданып, ауыл шаруашылық жерлерінің диаграммасын сызып, шартты белгілерін құрастырыңыз.



[2]

6. Әлем елдерінің урбандалу деңгейі (ең жоғары және ең төмен) елдер берілген.

Алатын орны	Жоғары елдер	(%)	Алатын орны	Төмен елдер	(%)
1	Сингапур	100.0	183	Непал	17.7
2	Катар	99.1	184	Эфиопия	17.5
3	Кувейт	98.3	185	Уганда	16.4
4	Бельгия	97.5	186	Сент-Люсия	16.1
5	Мальта	95.2	187	Малави	16.0

6	Сан-Марино	94.2	188	Шри-Ланка	15.2
7	Исландия	93.9	189	Лихтенштейн	14.3

Берілген мәліметтерді пайдаланып, дүниежүзінің қарапайым урбандалу картограммасын жасаңыз. Түстерді (урбандалуы жоғары елдерді көк, төмен елдерді қызыл түс) пайдаланып, пайыздық көрсеткіштерін белгілеңіз.



[3]

7. Қазақстанның экологиялық жағдайына баға беріңіз.

a. Қазақстандағы экологиялық жағдайы төмен аймақтарды атап, себебін жазыңыз. [2]

b. Таңдау бойынша екі экологиялық аймақты атап, өсімдік пен жануарлар дүниесі топырақ жамылғысына және атмосфераға тигізетін әсеріне баға беріңіз.

[4]

8. Табиғатты пайдалану түрлерінің қоршаған ортаға тигізетін кері әсерін азайтудың жолдарын ұсыныңыз.

a. Қазақстанда пайдалы қазбаларды (мұнай, көмір, металдар) өндіру нәтижесінде қоршаған ортаға тигізетін кері әсерін азайтудың жолдарына екі ұсыныс келтіріңіз.

[2]

b. Қазақстанда экологиялық мәселелерді шешуге бағытталған, табиғатты қорғауға арналған үш іс-шараларға мысал келтіріңіз.

[3]

**Балл қою кестесі**

№	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат		
1	Жергілікті кіші аумақты ғана бейнелей алады Аумақ бойынша ақпаратты толық бере алады	1			
2	Тиімді пайдалау (Геотермалды энергия кәзі)	1			
3	Бағаналы диаграмманы көп мөлшерден аз мөлшер бойынша дұрыс сызса 1 балл Шартты белгілерді қолданса 1 балл	1 1			
4	a.1800 мен 2015 жыл аралығында атмосфераға бөлінген көмірқышқыл газының мөлшерін 32 млн. т-дан 25402 млн т-ға әсті Атмосфераға бөлінген көмірқышқыл газ көлемі 795 есеге артты Көмірқышқыл газының күрт артқан кезеңі 2000 жылға сәйкес келеді	1 1	Көмірқышқыл газының ауаға бөлінуінің мөлшерінің көбеюін сандық дәлелмен сипаттаса 2 балл		
	b. Халық саны 5-6 есе артқан. 1950 жылға қарағанда 2000 жылы демографиялық жарылыс болған, халық саны 2,5 есе артқан	1			
5	a. Жайылымдар-84,3 Жыртылған жерлер- 11,1 Шабындықтар-2,3 Тың жерлер-2,3	1 1			
	b. Ауыл шаруашылық жерлерін пайыздық көрсеткіштерін пайдаланса Шеңбер диаграммаға шартты белгілермен түсірсе	1 1			
	6	Кестеде берілген урбандалу деңгейі ең жоғары ең төмен елдерді географиялық орналасуына байланысты түстермен дұрыс белгілесе Пайыздық көрсеткіштерін көрсетсе	1 1 1		
7	a. Арал теңізінің құрғауы Келіп құятын әзендердің суын ауыл шаруашылығына шамадан тыс пайдалану.	1 1	Оқушының басқа да дұрыс жауаптары қабылданады.		
	b. Батыстағы топырақтың мұнаймен ластануы. Батыс, орталық аймақтардағы жанатын пайдалы қазбаларды әндіру нәтижесінде ауа құрамында көмірқышқыл газының көбеюі.	1 1			
	Шығыстағы қарағайлы ормандардың жойылуы.	1			
	Шығыстағы радиациялық ластану нәтижесінде ядролық қару жарылған аймақтарда, топырақ жамылғысы жарамсыз болуы әсімдіктер мен жануарлар дүниесінің жойылуы.	1			
	8	a. Ағаштар егу, зауыттарға тазарту құралдарын орнату қайта әндеу зауыттарын соғу.		1 1	
	b. Қызыл кітапқа енген әсімдіктер мен жануарларды қорғау; Қорықтардың жұмысын ұйымдастыру; Жасыл ел бағдарламасы; Халықаралық ұйымдармен бірлесе шешу, жобалар	1 1 1			


	күрү.		
<b>Жалпы балл</b>		<b>25</b>	



Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Табиғатты пайдаланудың қоршаған ортаға тигізетін әсерін анықтап, бағалайды	1	табиғатты тиімсіз пайдаланудың қоршаған ортаға тигізетін әсерін түсіндіреді;	1
		табиғатты тиімсіз пайдаланудың экономикалық салдарына баға береді;	1
		табиғатты тиімсіз пайдаланудың экологиялық салдарына баға береді;	1
Табиғатты пайдалану түрлерінің қоршаған ортаға тигізетін әсерін азайтуға ұсыныстар келтіреді	2	кен-металлургия комбинатының қоршаған ортаға тигізетін әсерін анықтайды;	1
		кен-металлургия комбинаттың қоршаған орта мен адамзатқа тигізер әсерін азайтуға бағытталған 1-шешу жолын ұсынады;	1
		кен-металлургия комбинаттың қоршаған орта мен адамзатқа тигізер әсерін азайтуға бағытталған 2-шешу жолын ұсынады;	1
		кен-металлургия комбинаттың қоршаған орта мен адамзатқа тигізер әсерін азайтуға бағытталған 3-шешу жолын ұсынады;	1
Табиғатты пайдаланудың қағидаттарын сипаттайды	3	Гринпис («Жасыл әлем») ұйымының анықтамасын анықтайды;	1
		«Робин Вуд» ұйымының анықтамасын анықтайды;	1
		ВФОП (WWF) ұйымының анықтамасын анықтайды;	1
		«Киото хаттамасының» негізгі қағидатын анықтайды;	1
		«Киото хаттамасының» негізгі қағидатына сипаттама береді.	1
<b>Жалпы балл</b>			<b>12</b>



а) Кестедегі мәліметтерді қолдана отырып, картасызба құрастырыңыз.



б) Картасызбаны құру үшін, графикалық редакторлық бағдарламада қандай құралдарды қолданар едіңіз?

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Картографиялық зерттеулер әдістерін қолданады	1	бірінші проекцияның түрін анықтайды;	1
		бірінші проекцияның түріне сипаттама береді;	1
		екінші проекцияның түрін анықтайды;	1
		екінші проекцияның түріне сипаттама береді;	1
		үшінші проекцияның түрін анықтайды;	1
		үшінші проекцияның түріне сипаттама береді;	1
Статистикалық деректерді қолданып, картограммалар мен картодиаграммаларды құрастырады	2	1 ауданға сәйкес картодиаграмманы салады;	1
		2 ауданға сәйкес картодиаграмманы салады;	1
		3 ауданға сәйкес картодиаграмманы салады;	1
		4 ауданға сәйкес картодиаграмманы салады;	1
Графикалық редакторды қолдана отырып, картасызба құрастырады	3	кестедегі мәліметті қолданып, картасызба жасайды;	1
		картасызба құру үшін қолданатын құралдарды атайды.	1
<b>Жалпы балл</b>			<b>12</b>



